

Тақта орнатылды



Масғұт Күлікбайұлы Дүйсенбаевтың есімі екібастұздықтарға тегіс таныс. Ол 1985-1988 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы Екібастұз қалалық комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет еткен. Оның басқаруымен Екібастұзда көптеген құрылыс нысандары бой көтерді. Солнечный кенті де Масғұт Күлікбайұлының табандылығының арқасында салынды дейді көзкөргендер. «Әрбір отбасыға жеке пәтер» дегенді жұмысына негіз етіп алған Масғұт аға екібастұздықтардың жақсы тұрмыс кешіп, табысты еңбек етуіне жағдай жасауға тырысты. 1986 жылы біздің қаламызда 117 мың шаршы метр тұрғын үй салынып, екі мектеп, бес балабақша, басқа да әлеумет-

тік маңызды нысандар пайдалануға берілді. 1987 жылы 147 мың шаршы метр тұрғын үй салынды. Осыған қарап-ақ сол кездегі құрылыс қарқынының қандай болғанын аңғару қиын емес. Осы игі істердің бәрінің басы-қасында Масғұт Дүйсембаев болды.

Дүниеден ерте озған Масғұт аға Екібастұздың даму тарихына өзіндік өшпес із қалдырды. 1996 жылы Екібастұз қаласының бір көшесіне оның есімі берілді. Ал үстіміздегі жылдың 15 маусымында осы көше бойына Масғұт Дүйсембаевқа арналған мемориалдық ескерткіш орнатылды. Арнайы митинг ұйымдастырылып, асыл азаматтың туған-туысқандары, бірге қызметтес болған жора-жолдастары, қала басшылығы жиналып, марқұмды еске алды.

Митингіде қала әкімінің орынбасары Ғалия Балтабекова, қалалық мәслихат хатшысы Балғабай Шәймерденов, ардагер құрылысшы Геннадий Кобылченко, мемлекеттік қызмет ардагері Нелли Лихолетова, Масғұт ағаның бауыры Бақыттриза Күлікбайұлы сөз сөйледі. Ал мемориалдық ескерткішті Ғалия Шәкірқызы мен марқұмның немерелері ашты.

Мемориалдық ескерткіш Жібек жолы бойында, халық көп жүретін жерде орын тепті.

А.Зайыргелді